

Іскер адам келбеті

Орындаған: Оразмухамет Л.А

Тексерген: Хайрлиева Р.А

Топ : 13-РЭиС-612-3р-(б)

Іскер адам

- Іскерлік ортада имидж көп нәрсеге әсер етеді, өйткені жағымды имидж адамдардың көңілін тарту мүмкіндігін береді. Ақырғы уақытта имидж қалыптастыруға адамдардың қызуғышылығы артуда. Іскер адам, тек өз ісінің білгір маманы ғана емес және өзі туралы жақсы пікір қалдыра алатын, клиенттерінің сенімінін тудыра алатын тұлға болуға міндетті. Бизнес – тұрақсыз, тәуекелділікке толы құбылыс. Егер сіз уақытпен қатар келе жатқан тұлға пікірін қалдырғыңыз келетін болса, сіз сол тұлға имиджін жасаңыз. Оған біріншіден сізге имидж туралы білім қажет.

Имидж

- Имидж адамның сыртқы келбеті мен ішкі жан дүниесінің үйлесіп, уақыт пен қоғам сұранысына жауап бере алатын адамның психологиялық типі. Әр адам имиджі өзгеше болуы мүмкін, өйткені ол әр адам даму дәрежесінің жемісі. Имидж өзгерісте болатын құбылыс. Нарық сұранысына сай имидж қалыптасады, өзгереді, дамытылады.

Имидж 4 бағытта дамиды

- Біріншісі адам образы, яғни ол адамның өзі туралы қалдырған пікірі, тіпті өзінің жоқ болған кезінде де ол кісі туралы ойға келетін пікір немесе эмоциялар. Екінші бағыты сырт келбеті: түр келбеті, әдебі, жүріс – тұрысы, сөйлеу мәнері, мимика мен киген киімі. Үшінші бағыт процессуалды бағыт, яғни процесс кезіндегі адам белсенділігі, эмоциясы темпераменті. Ең соңғысы ішкі факторлар: интеллект, ойлау үрдісі, ойлары, мақсаттары жіне эрудициясы. Осы 4 бағытта дамуға тырысыңыздыр, сонда әр адамның жағымды пікіріне ие болып, жетістіктерге, сансыз белестерге жетерсіздер.

Дресс код

- іскер адамдардың басты белгілерінің бірі. Сондықтан көптеген белгілі фирмалар қызметкерлерінің дресс код сақтағанын талап етеді. Іскер костюмнің жүн, мақта сияқты бір тегіс табиғи матадан тігілгені дұрыс. Әйел адамдардың табиғи жібектен тігілген блуза, көйлек киюлеріне басшылары көбінесе қарсы бола бермейді. Ал зығыр мата қыртыстанып қала береді.





- Соңғы сәндегі әшекей бұйымдардың барлығы бірдей, әсіресе жылтыр, көлемділері дресс кодқа келе бермейді. Тіпті екінің бірінің қолы жете бермейтін гауһарды да тек кешкі шараларға тағу қажет деп есептеледі. Іскер костюммен үйлесетіндер: інжу, янтарь тасынан жасалған әшекейлер, алтын, күміс, сондай-ақ қол сағаты.



- Іскер адам дауыс ырғағына, шешен сөйлей білуге мән беру керек. Көбіне құлаққа жағымды қоңыр даусы бар, байыппен сөйлейтін жан өзіне еріксіз назар аудартады. Кәсіби терминдер, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді қойын дәптерге жазып жүрген дұрыс.
- Іскер адам шетелдіктермен де жиі қарым-қатынас жасайтындықтан бірнеше тіл білсе, өзі де қиналмайды, жалақысы да соған сәйкес болады.



Қасиеттер

- Адамгершілік, байсалдылық, батылдық, бейімделгіштік, еркіндік, тәртіптілік – іскер адамға қажет жақсы қасиеттер. Егер аталмыш қасиеттер адам бойында болмаса, ерте ме, кеш пе, басшылар да, әріптес компаниялар да сырыңызға қанық болады.

- Назарларыңызға рахмет !!!